

Рушанова Неля Беріккызының 6D020100 – «Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Әл-Фарабидің этикалық философиясындағы надандық мәселесі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына отандық ғылыми жетекшінің

ПІКІРІ

Диссертацияда түркі және ислам өркениеті дамуы тұрғысынан әл-Фарабидың этикалық ұстанымдарының айшықталуы, этикалық философиялық ойтанымының кейінгі тарихи кезеңдердегі рухани сабактастығы даналықты жандандыру мен жаңғыртудың заманауи кезеңі үшін маңызы туралы ойлары зерттеліп, ой-пайымдар ортага салынған.

Фарабидің «Бақыт туралы» ойлары ішкі адам өмірінің мұддесі деген теориясы оның ақыл-ој ілімінде жазылғаны, Фараби заманында бақыт туралы, оның табиғаты туралы, надандық мәселесі жөнінде айтқан сөздері ең маңызды мәселелердің бірі болғанын білеміз.

Еңбектің ғылыми-теориялық деңгейі жоғары. Тақырыпты зерттеу барысында тарихи-философиялық, компаративистика, индукция және дедукция, жүйелі сараптама, аналогия, консталляциялық және салыстырмалы талдау, сонымен қатар, феноменология, аксиология, герменевтика, психоанализ әдістерін кеңінен қолданылған. Нәтижесінде диссертация мазмұны жалпы тақырыптың да, тарау тақырыптарының терең зерттеліп, ғылыми кеңесшілер мен ізденуші қойған мақсат-міндеттердің жан-жақты ашылғанын көрсетеді.

Рушанова Неля диссертация бойынша көптеген әдебиеттермен жұмыс жасап, тәжірибелік-зерттеу жұмыстарын қоя білді.

Ғылыми конференцияларға қатысып, мақалалар уақытында шығарылды.

Диссертациялық жұмысын орындау барысында еңбеккорлығын, жауапкершігін және алдына қойған мақсатына жетуге ұмтылысын, үқыптылығын көрсетті. Диссертациялық жұмыстың нәтижелері докторанттың мақсатқа сәйкес қойылған міндеттерді шешкеніне көз жеткізуге болады.

Рушанова Неля Беріккызының «Әл-Фарабидің этикалық философиясындағы надандық мәселесі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын жоғары бағалай отырып, оның PhD докторлық диссертацияларға қойылатын барлық талаптарға жауап береді және 6D020100 – «Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық.

Ғылыми жетекші,
Философия ғылымдарының
докторы, профессор



А.С. Сырғақбаева

